

Оқу жылы бойынша үлгерім есебі

ЖШС «Күнделік» компаниясы оқушылардың үлгерімі сапасының деректерін әділетті талдау мақсатында [Белсенділік бақылауын](#) Excel файлы түрінде тоқсандық есептерді жүктеу келесі ұйымдар үшін мүмкіндігін іске асырды:

- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі;
- Облыстық және Республикалық маңызы бар қалалардың Білім Басқармасының ұйымдары, сондай-ақ әдістемелік орталықтар;
- Білім бөлімдері;
- Білім беру ұйымдары (мектептер).

Жылдық есепті жүктеп алу – бұл мектеп оқушыларының оқу жылындағы үлгерімі туралы ақпарат жиналатын файл.

Сондай-ақ, жүктеп алу ақпараты пайдаланушының рөліне байланысты болады:

- мектеп қызметкері үшін – файлда мектеп бойынша ақпарат болады.
- білім бөлімінің қызметкері үшін – файлда аудан мектептері бойынша ақпарат болады.
- білім басқармасының қызметкері үшін – файлда облыстың барлық аудандарының мектептері бойынша ақпарат болады.
- ҚР БҒМ қызметкері үшін – файлда Белсенділікте бар еліміздегі барлық мектептер бойынша ақпарат болады.

Есепке осы шарттарға сәйкес келетін сыныптар кіреді:

- критериалды бағалау журналы;
- сыныптағы есептік кезеңде «Тоқсан» типі орнатылған;
- жүктеп алудың соңында оқушылар сыныпта отырған болып есептеледі.

Есепті қалай алуға болады?

Деректерді жүктеп алу үшін Белсенділік бақылауы жүйесіне кіріп, Excel файлы белгішесін басып, «**2021-2022 оқу жылындағы үлгерім есебі**» батырмасын басу қажет.

Белсенділік

ҚЗЖ



Excel есепті таңдау

Мектептер тізімі бар барлық көрсеткіштер бойынша есеп

4 тоқсан бойынша үлгерім есебі

2021-2022 оқу жылындағы үлгерім есебі

Жүктелген файл келесі ақпаратты қамтитын болады:

Республика Казахстан									
Итоги 2021-2022 уч. г.									
Классы	Кол-во учащихся	Отличников	Хорошистов	Успевающих	Неуспевающих	% качества знаний	% успеваемости	Кол-во годовых оценок	
1 класс	54160	0	0	0	0	0	0	0	0
2 класс	42638	10708	17239	14663	28	66	100	166581	
3 класс	49962	12042	19971	17919	30	64	100	193971	
4 класс	55715	12656	22449	20585	25	63	100	214908	
5 класс	45866	7349	17998	20467	52	55	100	170276	
6 класс	48370	7017	19174	22092	87	54	100	178342	
7 класс	43604	4716	16398	22371	119	48	100	156556	
8 класс	43508	4117	15727	23505	159	46	100	154342	
9 класс	38969	3771	13979	21086	133	46	100	138310	
10 класс	22110	2562	9072	10395	81	53	100	80454	
11 класс	20466	2756	9243	8439	28	59	100	76129	
Всего	465368	67694	161250	181522	742	56	100	1529869	

Бұдан:

- **сыныптар** - мектептегі параллельдер тізімі;



1 параллель тек оқушылар санын есептеу кезінде ескеріледі. Есептің басқа көрсеткіштерін есептеу кезінде 1 параллель есепке алынбайды.

- **оқу жылы соңындағы оқушылар саны** - әр параллельдегі оқушылар саны. Жүктеп алу кезінде есепте мектепте және сыныпта белсенді мүшелегі бар оқушылар алынады.
- **үздік оқушы** - барлық пәндерден «5»-ке үлгеретін оқушы. «4», «3», «2», «1», «А/Ө» және «ЕСЖ» бағаларын алмаған оқушы;
- **үлгерімі жақсы оқушы** - барлық пәндерден «4», «5» және «ЕСП»-ға үлгеретін оқушы және «3», «2», «1», «А/Ө» и «ЕСЖ» бағаларын алмаған оқушы;
- **үлгерімі орташа оқушы** - пән бойынша кемінде бір «3» бар және «2», «1», «А/Ө» и «ЕСЖ» бағаларын алмаған оқушы;
- **үлгерімі төмен оқушы** - пән бойынша кемінде бір «2», «1», «А/Ө» и «ЕСЖ» бар оқушы;

- **сапа %** - (үздік оқушылар саны + үлгерімі жақсы оқушылар саны) / оқушылардың жалпы саны.
- **үлгерім %** - (үздік оқушылар саны + үлгерімі жақсы оқушылар саны + үлгерімі қанағаттандырылған оқушылар саны) / сынып оқушылардың жалпы саны.
- **Жылдық бағалар саны** - оқу жылы ішінде қойылған бағалардың жиынтық саны. Есептеу кезінде жыл ішіндегі бағалаудың кез келген түрлері ескеріледі («5», «4», «3», «2», «1», «А/Ө», «ЕСП», «ЕСЖ», «БОС», «О/Ж»).

Сондай-ақ, есепте мектеп / аудан / облыс атауы көрсетіледі.

Ескертулер:

- **А/Ө** және **УА/А** - сыныптағы оқушылардың жалпы санында /пән бойынша/параллель/ білім деңгейі бойынша есепке алынады;
- **БОС** және **О/Ж** - егер оқушыға тек қана осы бағалардың кез келгені (екеуі де) қойылса, ол жүктемеде ескерілмейді (файлда пайда болмайды).
- «Есептердегі көріну деңгейі» = «**Куәландырумен**» белгіленген пәндер бойынша бағалар ғана ескеріледі.
- Есептегі барлық жылдық бағалар электрондық журналдағы «Қорытынды» бағанынан алынады, егер «Қорытынды» бағаны бос болса, деректер «Жыл» бағанынан алынады.

Есепті қалыптастырудың негізгі ережелері

Бұл блок **апта сайын (әр жексенбі)**, есепті апта ішінде қойылған немесе өзгертілген қорытынды бағалар негізінде жаңартылады.

- *мысалы, төртінші тоқсанның соңғы аптаның алдыңғы аптасында, мұғалімдер 50% мектеп оқушыларына қорытынды баға қойды - қойылған бағалар туралы мәліметтер файлдың ішінде пайда болады. Төртінші тоқсанның соңғы аптасында, мұғалімдер 100% мектеп оқушыларына қорытынды баға қойды - БАРЛЫҚ қорытынды бағалар үшін мәліметтер файлдың ішінде пайда болады.*

Есеп **4-ші тоқсанның соңғы сенбісін қамтитын аптадағы** белсенділікті бақылаудың жаңа жаңартуларымен көрсетіле бастайды және келесі оқу жылының 1 қыркүйегінен тұратын аптасына жаңартумен аяқталады.

Қажет болған жағдайда, алдыңғы оқу жылындағы деректерді, егер алдыңғы оқу жылының күнтізбесін ашып, ондағы деректер файлын жүктеу арқылы, Белсенділік бақылауы жүйесінен алуға болады.

Тоқсан бойынша үлгерім есебі


Тоқсандық есепті жүктеп алу – бұл таңдалған тоқсандағы мектеп оқушыларының үлгерімі туралы ақпаратты жинайтын файл.

Есепке осы шарттарға сәйкес келетін сыныптар кіреді:

- критериалды бағалау журналы;
- сыныптағы есептік кезеңде «Тоқсан» типі орнатылған.

Есепті қалай алуға болады?

Деректерді жүктеп алу үшін Белсенділік бақылауы жүйесіне кіріп, Excel файлы белгішесін басып, «**3-тоқсандағы үлгерім есебі**» батырмасын басу қажет.




Жүктелген файл келесі ақпаратты қамтитын болады:

Қазақстан Республикасы							
2021-2022 оқу жылының 3 тоқсанының қорытындысы							
Сыныптар	Оқушылардың саны	Үздік оқушылар	Үлгерімі жақсы оқушылар	Үлгерімі орташа оқушылар	Үлгерімі төмен оқушылар	Білім сап. %	Үлгерімі %
1 сынып	340309	0	0	0	0	0	0
2 сынып	321323	80963	129452	110700	208	65	100
3 сынып	347306	84791	137946	124347	222	64	100
4 сынып	334732	76113	133329	125115	175	63	100
5 сынып	308795	49293	121604	137529	369	55	100
6 сынып	318486	46400	125433	146151	502	54	100
7 сынып	294625	32447	111524	149933	721	49	100
8 сынып	283154	26935	102866	152509	844	46	100
9 сынып	259529	25218	96349	137115	847	47	100
10 сынып	149577	17705	60538	70739	595	52	100
11 сынып	140027	18316	62662	58767	282	58	100
Барлығы	3097863	458181	1081703	1212905	4765	56	100

Бұдан:

- **сыныптар** - мектептегі параллельдер тізімі;

 **1 параллель тек оқушылар санын есептеу кезінде ескеріледі. Есептің басқа көрсеткіштерін есептеу кезінде 1 параллель есепке алынбайды.**

- **3-тоқсан соңындағы оқушылар саны (оқу жылы ішінде тоқсан өзгереді)** – әр параллельдегі оқушылар саны. Жүктеп алу кезінде есепте мектепте және сыныпта белсенді мүшелегі бар оқушылар алынады.
- **үздік оқушы** – барлық пәндерден «5»-ке үлгеретін оқушы. «4», «3», «2», «1», «А/Ө» және «ЕСЖ» бағаларын алмаған оқушы;
- **үлгерімі жақсы оқушы** - барлық пәндерден «4», «5» және «ЕСП»-ға үлгеретін оқушы және «3», «2», «1», «А/Ө» и «ЕСЖ» бағаларын алмаған оқушы;
- **үлгерімі орташа оқушы** - пән бойынша кемінде бір «3» бар және «2», «1», «А/Ө» и «ЕСЖ» бағаларын алмаған оқушы;
- **үлгерімі төмен оқушы** - пән бойынша кемінде бір «2», «1», «А/Ө» и «ЕСЖ» бар оқушы;
- **сапа %** - (үздік оқушылар саны + үлгерімі жақсы оқушылар саны) / оқушылардың жалпы саны.
- **үлгерім %** - (үздік оқушылар саны + үлгерімі жақсы оқушылар саны + үлгерімі қанағаттандырылған оқушылар саны) / сынып оқушылардың жалпы саны.

Сондай-ақ, есепте мектеп / аудан / облыс атауы көрсетіледі.

Ескертулер:

- **А/Ө** және **УА/А** - сыныптағы оқушылардың жалпы санында /пән бойынша/параллель/ білім деңгейі бойынша есепке алынады;
- **БОС** және **О/Ж** - егер оқушыға тек қана осы бағалардың кез-келгені (екеуі де) қойылса, ол жүктемеде ескерілмейді (файлда пайда болмайды).
- «Есептердегі көріну деңгейі» = **«Куәландырумен»** белгіленген пәндер бойынша бағалар ғана ескеріледі.

Есепті қалыптастырудың негізгі ережелері


1. Блоктағы мәліметтер есеп беру аптасында белгіленген немесе өзгертілген қорытынды бағалар негізінде **апта сайын (әр жексенбіде)** жаңартылады.

- *мысалы, тоқсанның алдыңғы аптасында мұғалімдер мектептегі оқушылардың 50% -ына қорытынды бағаларын қойды - берілген бағалар бойынша мәліметтер жүктелген файлда қойылған бағалардың деректері көрсетілді. Тоқсанның соңғы аптасында мұғалімдер оқушылардың 100%-ына қорытынды баға қойды – жүктелген файлда қойылған БАРЛЫҚ қорытынды бағалардың деректері көрсетілді.*

2. Әдепкі бойынша, **ағымдағы тоқсан ішінде** көрсеткіш **өткен тоқсан** туралы ақпаратты көрсетеді.

3. Ағымдағы тоқсанның нәтижелері **осы тоқсанның соңғы сенбісін қамтитын** және келесі тоқсанға деректерді түсіру уақыты келгенде аяқталатын аптадағы белсенділікті бақылаудың жаңа жаңартуларымен көрсетіле бастайды.

- мысалы, 1-тоқсандағы (02.09.2021-29.10.2021) қорытынды бағалар үшін деректер 30.10.2021 мониторинг жаңартылуымен көрсетіле бастайды, яғни 1-тоқсан - 29.10.2021 сенбі күні аяқталады. Сондықтан жексенбіде (31.10.2021) **соңғы тоқсандағы** деректер түсіріледі.


 Қорытынды бағаларды қою бақылау жұмыстары жүргізілген және тексерілген сәттен бастап, ағымдағы тоқсан аяқталғаннан кейін өтетін демалыс күндерінің соңына дейін қойылады.

4. Қажет болған жағдайда, алдыңғы оқу жылындағы деректерді, егер алдыңғы оқу жылының күнтізбесін ашып, ондағы деректер файлын жүктеу арқылы, Белсенділік бақылауы жүйесінен алуға болады.


«Үлгерім деңгейі» блогы

Бұл блок мектептерге де, Басқарушы ұйымға да мектеп немесе бүкіл аудан / облыс шеңберінде оқушылардың **% үлгерім деңгейін** анықтауға көмектеседі.

Осылайша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігі мен Басқарушы ұйымдар мектеп жұмысының жалпы көрінісін көре алады және таңдалған бағыт шеңберінде немесе бүкіл Қазақстан бойынша үлгерім деңгейін анықтай алады.



«Үлгерім деңгейі» блогы мынадай ақпаратты қамтиды:

- көрсеткіштің атауы;
- қажетті көрсеткішке қол жеткізген мектептердің %-
100%
ы мектептер орындайды;
- талаптарды орындамаған мектептер саны **3** мектеп орындамайды.
- таңдалған көрсеткіштің өзгеру динамикасының графигі ( График басқан кезде).

Көрсеткіш - бұл мектептегі / аудандағы / облысты оқушылардың білім деңгейлерін көруге бағытталған және 100% орындалуды қажет ЕТПЕЙТІН ақпараттық блок.

Үлгерім деңгейі

«Үлгерім деңгейі» — бұл қорытынды бағалары қойылған білім беру ұйымының барлық оқушылары арасында үздіктердің, үлгерімі жақсы және орташа оқушылардың үлесі.

- **Үздік оқушылар** - бұл таңдалған сынып кезеңінде тек келесі қорытынды бағалары бар оқушылар: «5» және «ЕСП»;
- **Үлгерімі жақсы оқушылар** - бұл сыныптың таңдалған есептік кезеңінде келесі қорытынды бағаларға ие оқушылар: «5», «ЕСП» немесе «4», кем дегенде бір «4» бағасы болған кезде;
- **Үлгерімі орташа оқушылар** - бұл сыныптың таңдалған есептік кезеңінде кемінде бір «3» қорытынды бағасы бар және келесі қорытынды бағалары жоқ оқушылар: «2», «А/Ө» (аттестациядан өтпеді)», «УА/Ө» (уақытша аттестациядан өтпеді), «ЕСЖ» (есептелінген жоқ).
- **Үлгерімі төмен оқушылар** - бұл сыныптың таңдалған есептік кезеңінде кем дегенде бір «2», «А/Ө», «ЕСЖ» (есептелінген жоқ) қорытынды бағасы бар оқушылар.


Бағалау түрлері туралы толығырақ: [Критериалды бағалау журналды толтыру бойынша нұсқаулық](#) мақаласында сипатталған.

Көрсеткіштің рұқсат етілген шегі:

- мектептер үшін кемінде 95%;
- басқарушы мекемелер үшін кем дегенде 95%.

Ескертулер: көрсеткіш тек қана есептеледі, егер:

- сынып баптауларында журнал түрі - жиынтық бағалау журналы;
- сынып баптауларында есептік кезең түрі - «Тоқсан»;
- 0 және 1 параллельде емес сыныптар үшін;
- пән баптауларында есептердегі көріну деңгейі - «Қуәландырумен».

 «Білім сапасы» мен «Үлгерім деңгейі» көрсеткіштерінің айырмашылығы - бірінші блокта «3», «2», «А/Ө» (аттестациядан өтпеді), «ЕСЖ» (есептелінген жоқ) қорытынды нәтижелері бар балалар есепке алынбайды, ал екіншісі ескереді.

«Үлгерім деңгейі» көрсеткішін есептеу формуласы

Көрсеткішті есептеу формуласы:

- **Үлгерім деңгейі % = $(N_{\text{бар}} - N_{\text{бос}} - N_{\text{ү.т.}}) / (N_{\text{бар}} - N_{\text{бос}}) * 100\%$.**

мұндағы

- - **№бар** - есепті кезеңнің соңындағы мектептегі оқушылар саны,
 - **№бос** - барлық пәндер бойынша «БОО» немесе «ОЖ» бағалары бар оқушылар саны,
 - **№ү.т.** - мектептегі үлгерімі төмен оқушылар саны («2», «А/Ө», «УА/Ө» және «ЕСЖ» мәндерімен бір немесе бірнеше қорытынды бағалары бар).

Көрсеткішті қалыптастырудың негізгі ережелері

1. Блоктағы мәліметтер есеп беру аптасында белгіленген немесе өзгертілген қорытынды бағалар негізінде **апта сайын (әр жексенбіде)** жаңартылады.

- *мысалы, тоқсанның алдыңғы аптасында мұғалімдер мектептегі оқушылардың 50% -ына қорытынды бағаларын қойды - берілген бағалар бойынша мәліметтер «**Үлгерім деңгейі**» блогында көрсетіледі. Тоқсанның соңғы аптасында мұғалімдер оқушылардың 100% қорытынды бағаларын қойды - **БАРЛЫҚ** қорытынды бағалар бойынша мәліметтер «**Үлгерім деңгейі**» блогында көрсетіледі.*

2. Әдепкі бойынша, **ағымдағы тоқсан ішінде** көрсеткіш **өткен тоқсан** туралы ақпаратты көрсетеді.

- *мысалы, барлық 2-тоқсан ішінде (08.11.2021-29.12.2021) «**Үлгерім деңгейі**» есебінде 1-тоқсан үшін қорытынды бағалар бойынша ақпарат көрсетіледі (01.09.2021-29.10.2021). Егер мұғалімдер 1-тоқсандағы оқушылардың қорытынды бағаларын өзгертсе, ақпарат әр жаңарту кезінде өзгеруі мүмкін.*

3. Ағымдағы тоқсанның нәтижелері **осы тоқсанның соңғы сенбісін қамтитын** және келесі тоқсанға деректерді түсіру уақыты келгенде аяқталатын аптадағы белсенділікті бақылаудың жаңа жаңартуларымен көрсетіле бастайды.

- *мысалы, 1-тоқсандағы (02.09.2021-29.10.2021) қорытынды бағалар үшін деректер 30.10.2021 мониторинг жаңартылуымен көрсетіле бастайды, яғни 1-тоқсан - 29.10.2021 сенбі күні аяқталады. Сондықтан жексенбіде (31.10.2021) **соңғы тоқсандағы** деректер түсіріледі.*

Көрсеткіштердің санаттары келесі кестеде көрсетілген:


Білім беру мекемесінің шеңберінде (Мектеп)	Басқару мекемесінің шеңберінде (Бөлім, Басқарма, БҒМ)
--	---

Көрсеткіштің атауы	Төмен санат	Орташа санат	Жоғары санат	Төмен санат	Орташа санат	Жоғары санат
Үлгерім деңгейі	0-49	50-94	95-100	0-49	50-94	95-100

«Білім сапасы» блогы

Бұл блок мектептерге де, Басқарушы ұйымға да мектеп немесе бүкіл аудан / облыс шеңберінде **білім сапасын %** анықтауға көмектеседі.

Осылайша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігі мен Басқарушы ұйымдар мектеп жұмысының жалпы көрінісін көре алады және таңдалған бағыт шеңберінде немесе бүкіл Қазақстан бойынша білім сапасын анықтай алады.



«Білім сапасы» блогы мынадай ақпаратты қамтиды:

- көрсеткіштің атауы;
- қажетті көрсеткішке қол жеткізген мектептердің %-ы **100%** мектептер орындайды;

- талаптарды орындамаған мектептер саны **3** мектеп орындамайды.

- таңдалған көрсеткіштің өзгеру динамикасының графигі (График басқан кезде).

Көрсеткіш - бұл мектептегі / аудандағы / облысты оқушылардың білім деңгейлерін көруге бағытталған және 100% орындалуды қажет ЕТПЕЙТІН ақпараттық блок.

Білім сапасы

«**Білім сапасы**» - бұл білім беру ұйымының қорытынды бағалары бар барлық оқушылар арасындағы жақсы және үздік оқушылардың үлесі.

- **Үздік оқушылар** - бұл таңдалған сынып кезеңінде тек келесі қорытынды бағалары бар оқушылар: «5» және «ЕСП»;
- **Үлгерімі жақсы оқушылар** - бұл сыныптың таңдалған есептік кезеңінде келесі қорытынды бағаларға ие оқушылар: «5», «ЕСП» немесе «4», кем дегенде бір «4» бағасы болған кезде;

- **Үлгерімі орташа оқушылар** - бұл сыныптың таңдалған есептік кезеңінде кемінде бір «3» қорытынды бағасы бар және келесі қорытынды бағалары жоқ оқушылар: «2», «А/Ө» (аттестациядан өтпеді)», «УА/Ө» (уақытша аттестациядан өтпеді), «ЕСЖ» (есептелінген жоқ);
- **Үлгерімі төмен оқушылар** - бұл сыныптың таңдалған есептік кезеңінде кем дегенде бір «2», «А/Ө», «ЕСЖ» (есептелінген жоқ) қорытынды бағасы бар оқушылар.

Бағалау түрлері туралы толығырақ: [Критериалды бағалау журналды толтыру бойынша нұсқаулық](#) мақаласында сипатталған.

Көрсеткіштің рұқсат етілген шегі:

- мектептер үшін кемінде **40%**;
- басқарушы мекемелер үшін кем дегенде **86%**.

Ескертулер: көрсеткіш тек қана есептеледі, егер:

- сынып баптауларында журнал түрі - жиынтық бағалау журналы;
- сынып баптауларында есептік кезең түрі - «Тоқсан»;
- 0 және 1 параллельде емес сыныптар үшін;
- пән баптауларында есептердегі көріну деңгейі - «Куәландырумен».

«Білім сапасы» көрсеткішін есептеу формуласы

Көрсеткішті есептеу формуласы:

- **Білім сапасының % = $(N_{\text{үз}} + N_{\text{ү.ж.}}) / (N_{\text{бар}} - N_{\text{бос}}) * 100\%$.**

мұндағы

- - **N_{ү.ж.}** - мектептегі үлгерімі орташа оқушылар саны («4», «5» және «ЕСП» мәндерімен қорытынды бағалары бар және «3», «2», «А/Ө», «УА/Ө» және «ЕСЖ» мәндерімен қорытынды бағалары жоқ);
 - **N_{үз}** - мектептегі үздік оқушылар саны («5» және «ЕСП» мәндерімен барлық қорытынды бағалары бар және «4», «3», «2», «А/Ө», «УА/Ө» және «ЕСЖ» қорытынды бағалары жоқ);
 - **N_{бар}** - есепті кезеңнің соңындағы мектептегі оқушылар саны;
 - **N_{бос}** - барлық пәндер бойынша «БОС» немесе «О/Ж» бағалары бар оқушылар саны.
-

Көрсеткішті қалыптастырудың негізгі ережелері

1. Блоктағы мәліметтер есеп беру аптасында белгіленген немесе өзгертілген қорытынды бағалар негізінде **апта сайын (әр жексенбіде)** жаңартылады.

- мысалы, тоқсанның алдыңғы аптасында мұғалімдер мектептегі оқушылардың 50% -ына қорытынды бағаларын қойды - берілген бағалар бойынша мәліметтер «**Білім сапасы**» блогында көрсетіледі. Тоқсанның соңғы аптасында мұғалімдер оқушылардың 100% қорытынды бағаларын қойды - **БАРЛЫҚ** қорытынды бағалар бойынша мәліметтер «**Білім сапасы**» блогында көрсетіледі.

2. Әдепкі бойынша, **ағымдағы тоқсан ішінде** көрсеткіш **өткен тоқсан** туралы ақпаратты көрсетеді.

- мысалы, барлық 2-тоқсан ішінде (08.11.2021-29.12.2021) «**Білім сапасы**» есебінде 1-тоқсан үшін қорытынды бағалар бойынша ақпарат көрсетіледі (01.09.2021-29.10.2021). Егер мұғалімдер 1-тоқсандағы оқушылардың қорытынды бағаларын өзгертсе, ақпарат әр жаңарту кезінде өзгеруі мүмкін.

3. Ағымдағы тоқсанның нәтижелері **осы тоқсанның соңғы сенбісін қамтитын** және келесі тоқсанға деректерді түсіру уақыты келгенде аяқталатын аптадағы белсенділікті бақылаудың жаңа жаңартуларымен көрсетіле бастайды.

- мысалы, 1-тоқсандағы (02.09.2021-29.10.2021) қорытынды бағалар үшін деректер 30.10.2021 мониторинг жаңартылуымен көрсетіле бастайды, яғни 1-тоқсан - 29.10.2021 сенбі күні аяқталады. Сондықтан жексенбіде (31.10.2021) **соңғы тоқсандағы** деректер түсіріледі.

Көрсеткіштердің санаттары келесі кестеде көрсетілген:

Білім беру мекемесінің шеңберінде (Мектеп)				Басқару мекемесінің шеңберінде (Бөлім, Басқарма, БҒМ)		
Көрсеткіштің атауы	Төмен санат	Орташа санат	Жоғары санат	Төмен санат	Орташа санат	Жоғары санат
Білім сапасы	0-29	30-39	40-100	0-39	40-85	86-100